

044-13/10-32
11.03.2024

ONTÜSTİK QAZAOSTAN
MEDISINA
AKADEMIASY
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY
АО «Южно-Кавказская медицинская академия»




БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
М. Рысбеков
11 » 03 2024 ж.

**«ОҚМА» АҚ білім алушыларының аралық бақылау, аралық және
қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша апелляция жүргізу үшін
апелляциялық комиссия туралы
ЕРЕЖЕ**

Е 486 - 2024

Мерзімі	Көшірме	Басылым
		Бірінші

Шымкент

ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИСІНА АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 486-2024
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша апелляция жүргізу үшін апелляциялық комиссия туралы		Бас.№1 11 беттің 2 беті


1 «ОҚМА» АҚ Тіркеу офісі ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.

«29» 02 2024 жыл № 9 хаттамасы

2 «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен КЕЛІСІЛДІ.


«11» 03 2024 жыл № 4 хаттамасы

Кезеңдік тексеру мерзімі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі	Е 486-2024	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша апелляция жүргізу үшін апелляциялық комиссия туралы	Бас.№1 11 беттің 3 беті	

МАЗМҰНЫ

1 Мақсаты және қолдану саласы	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 Терминдер мен анықтамалар	5
4 Аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша білім алушыларды апелляциялау рәсімі	5
5 Білім алушылардың апелляцияларын қарау бойынша апелляциялық комиссия қызметінің тәртібі	6
6 Жауапкершілік	8
Қосымша А апелляцияға өтініш нысаны	9
Қосымша Б апелляцияға өтініштерді тіркеу журналының нысаны	10

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі	Е 486-2024	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша апелляция жүргізу үшін апелляциялық комиссия туралы	Бас.№1 11 беттің 4 беті	

1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 «ОҚМА» АҚ білім алушыларының аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша апелляция жүргізу үшін апелляциялық комиссия туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) апелляциялық комиссияны қалыптастыру тәртібін, оның құрамын, «ОҚМА» АҚ - да аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау (бұдан әрі - апелляция) нәтижелері бойынша білім алушыларды апелляциялау рәсімін белгілейді.

1.2 Апелляциялық комиссия бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу және бағалау рәсімі бойынша келіспеушілік және даулы жағдайларды шешу мақсатында құрылады.

1.3 Аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша білім алушылардың апелляцияларын қарау үшін кафедра қызметкерлері мен профессор-оқытушы құрамы қатарынан апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссияның құрамы «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен бекітіледі. Қажет болған жағдайда апелляциялық комиссияның жұмысына біліктілігі апелляцияланатын пәндердің бейініне сәйкес келетін оқытушылар (сарапшылар) тартылады.

1.4 Өз қызметінде апелляциялық комиссия осы Ережені, «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарын және осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

1.5 Ереже барлық білім алушылар мен оқытушылар үшін қолжетімді болуы тиіс.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР


Осы Ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

– Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы №319-III;

– Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 04.07.18 ж. №171-VI Заңы;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.18 ж. №595 "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы;

– ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Тіркеу офісі	Е 486-2024	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша апелляция жүргізу үшін апелляциялық комиссия туралы	Бас.№1 11 беттің 5 беті	

№ 2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы;

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» бұйрығы;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 "Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы;

- «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттары.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құжатта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1.1 Апелляция – (лат. appellatio-өтініш) білім алушының өз пікірі бойынша аралық бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің белгіленген тәртібін бұзу не нәтижемен келіспеу туралы жазбаша өтініші.

1.2 Аралық бақылау - бір оқу пәнінің ірі бөлімін (модулін) аяқтағаннан кейін білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау.

1.3 Білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың оқу аяқталғаннан кейін бір оқу пәнінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

1.4 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.


1.5 Сарапшы - арнайы білімі бар, біліктілігі апелляциялық пәннің бейініне сәйкес келетін жоғары білікті оқытушы. Сарапшыны сараптама жүргізу және қорытынды беру үшін апелляциялық комиссия тағайындайды. Сарапшы апелляциялық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

4 АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ, АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АПЕЛЛЯЦИЯЛАУ РӘСІМІ

1.1 Апелляция рәсімі білім алушылардың білімін объективті бағаламау бойынша факторларды анықтау және жою мақсатында жүргізіледі.

1.2 Аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау емтиханының нәтижелері бойынша білім алушы апелляциялық комиссия төрағасының атына апелляция туралы өтініш беруге құқылы.

1.3 Аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау емтиханы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі	Е 486-2024	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша апелляция жүргізу үшін апелляциялық комиссия туралы	Бас.№1 11 беттің 6 беті	

кезінде білім алушының денсаулығының нашарлығына сілтеме апелляцияға себеп болып табылмайды және өтініш қарастырылмайды.

1.4 Жанжалды жағдайлар туындаған жағдайда, аралық бақылауды немесе аралық немесе қорытынды аттестаттауды жүргізудің белгіленген тәртібін бұзу немесе оның нәтижелерімен келіспеу туралы адамның дәлелді жазбаша өтініші қарастырылады.

1.5 Апелляцияны қарау аралық бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау емтиханын қайта тапсыру болып табылмайды. Апелляцияны қарау барысында аралық бақылауды тапсыру, аралық және қорытынды аттестаттау емтиханын өткізу немесе нәтижелерін бағалау тәртібінің дұрыстығы тексеріледі.

1.6 Аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша апелляцияны қарау апелляция берілген күннен кейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

1.7 Аралық бақылау және емтихан нәтижелерімен келіспеген білім алушылар аралық бақылау немесе емтихан өткізілгеннен кейінгі күні (білім беру порталына бағалар енгізілгеннен кейін) 13-00-ге дейін апелляциялық комиссияға негізделген жазбаша өтініш (Қосымша А) беруге құқылы. Көрсетілген мерзімнен кейін берілген өтініштер қаралмайды. Апелляциялық комиссия төрағасының атына өтініш білім алушылардың жеке өзімен беріледі. Апелляция екінші тұлғадан, оның ішінде білім алушының ата-анасынан қабылданбайды.


1.8 Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау бойынша апелляцияға өтініштерді барлық білім алушыларды аттестаттау аяқталғаннан кейін бірден апелляциялық комиссия қарайды. Апелляцияға берілген өтініште баяндалған нақты фактілер (аттестатталушы қандай кезеңді, қандай қадамдарды бағалауға келіспейді) қарастырылады. Аттестаттаудың барлық кезеңдерін қайта қарау жөніндегі апелляцияға өтініштер әр кезең бойынша дәлелді негіздемені (толық түсіндірме, қадамдық негіздеме) көрсетпей қарастырылмайды.

1.9 Білім алушы өзінің апелляциясын қарау кезінде қатысуға құқылы. Апелляция беру кезінде, сондай-ақ апелляцияны қарау кезінде білім алушының өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты болуға тиіс.

1.10 Кәмелетке толмаған білім алушымен (18 жасқа дейін) заңға сәйкес кәмелетке толғанға дейін толық әрекетке қабілетті деп танылған кәмелетке толмағандарды ескермегенде, ата-анасының немесе заңды өкілдерінің бірі қатысуға құқылы.

1.11 Апелляция қаралғаннан кейін комиссия аралық бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды бағалау бойынша түпкілікті шешім шығарады.

1.12 Көрсетілген мерзімде оған келмеген білім алушылар үшін қайта апелляция тағайындалмайды және өткізілмейді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі	Е 486-2024	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша апелляция жүргізу үшін апелляциялық комиссия туралы	Бас.№1 11 беттің 7 беті	

5 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АПЕЛЛЯЦИЯЛАРЫН ҚАРАУ КЕЗІНДЕ АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘРТІБІ

5.1 Апелляциялық комиссия білім алушылардың өтініштерін келесі мәселелер бойынша қарайды:

- мазмұны бойынша (сұрақтың/мәселенің дұрыс қойылмауы; оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес келмеуі) (емтихан материалын әзірлеушінің түсіндірме жазбасы болған жағдайда);
- техникалық себептер бойынша (электр энергиясының сөнуі; Интернет байланысының бұзылуы; «Платонус» ААЖ-дағы ақаулық; компьютер жұмысының ақаулығы);
- емтихан нәтижелерін жою туралы заңсыз шешім қабылдаған кезде.

5.2 Апелляциялық комиссияның хатшысы апелляцияға өтініштерді қабылдау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады. Апелляцияға өтініштер журналда тіркеледі (Қосымша Б).

5.3 Апелляциялық комиссияның отырысын өткізу күнін, уақытын, орны мен форматын комиссия төрағасы айқындайды, оқытушыларды (сарапшыларды) және білім алушыларды (қажет болған жағдайда) шақыру комиссия хатшысына жүктеледі.

5.4 Оқытушы (сарапшы) апелляциялық арызды қарау үшін келуге және дәлелді қорытынды шығаруға міндетті. Дәлелді қорытынды өтініш бланкісінде толтырылады. Апелляцияны қарау барысында сарапшы аралық бақылауды тапсыру, аралық және қорытынды аттестаттау емтиханының нәтижелерін бағалаудың дұрыстығын ғана тексереді. Сарапшының білім алушыға қосымша сұрақтар қоюға және емтихан жұмыстарына түзетулер енгізуге құқығы жоқ.

5.5 Техникалық себептер бойынша мәселелерді шешуді апелляциялық комиссия мүшелері қабылдайды. Дәлелді қорытынды өтініш бланкісінде толтырылады.

5.6 Тіркеу офісінің өкілдері апелляцияға берген білім алушылардың жауап парақтарын дайындайды.

5.7 Компьютерлік-тестілеу орталығының өкілдері апелляцияға берген білім алушылардың жауаптарының аудио-, бейнежазбасын дайындайды.

5.8 Апелляциялық комиссияның отырысына комиссия төрағасы қатысуы тиіс және комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде 75% қатысуы міндетті.

5.9 Апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Компьютерлік-тестілеу орталығының қызметкері мен комиссия хатшысының дауыс беруге құқығы жоқ. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

5.10 Апелляциялық комиссия аралық бақылауда, емтиханда қойылған бағаны күшінде қалдыруға немесе басқа баға қоюға құқылы. Соңғы жағдайда

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі	Е 486-2024	
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша апелляция жүргізу үшін апелляциялық комиссия туралы	Бас.№1 11 беттің 8 беті	

баға білім беру порталына апелляция бойынша функция арқылы оқытушының өзімен шешім шыққан күні енгізіледі.

5.11 Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып саналады.

5.12 Апелляция нәтижелері оқытушыға ақпараттық жүйеге баға енгізу мүмкіндігін беру үшін тіркеу офісіне беріледі.

5.13 Компьютерлік-тестілеу орталығы апелляцияны ескере отырып, ведомостарды басып шығарады.

5.14 Апелляцияға және дәлелді қорытындыға өтініштер бір оқу жылы ішінде тіркеу офісінде сақталады.

5.15 Апелляция барысында білім алушылардың семестрлік рейтингін өзгертуге жол берілмейді.


6 ЖАУАПКЕРШІЛІК

Осы Ережені сақтамау оқу процесін жүргізудің белгіленген тәртібін бұзу ретінде қарастырылады.

Апелляциялық комиссия мүшелері жергілікті нормативтік актілерде, «ОҚМА» АҚ Жарғысында және ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіпке жауапты болады:

- ҚР еңбек заңнамасында көзделген тәртіппен өз міндеттерін тиісінше орындамау немесе орындамауға;

- ҚР қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен өз қызметі барысында жасалған құқық бұзушылықтарға.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 486-2024
«ОҚМА» АҚ білім алушыларының аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша апелляция жүргізу үшін апелляциялық комиссия туралы		Бас.№1 11 беттің 9 беті

ҚОСЫМША А

Апелляциялық комиссия төрағасына

білім алушыдан _____

(ТАӘ, тобы, білім бағдарламасы)

(ұялы телефон номері)

Өтініш

_____ (күні)

_____ (қолы)

Өтінішті тіркеу номері _____

Қабылдады _____

(Қолы)

(Т. А. Ә.)

ДӘЛЕЛДІ ҚОРЫТЫНДЫ:

Апелляциялық комиссия мүшелері:

_____ (Қолы) _____ (ТАӘ)

_____ (Қолы) _____ (ТАӘ)

_____ (Қолы) _____ (ТАӘ)


_____ (Қолы) _____ (ТАӘ)

_____ (Қолы) _____ (ТАӘ)


Емтихан қабылдаушы _____

(Қолы)




(ТАӘ)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИСІНА АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Ожно-Казакстанская медицинская академия»
Офис регистратора		ПР 235-2024 Изд №3 14 стр. из 20
Правила организации и проведения промежуточной аттестации обучающихся в форме компьютерного тестирования в АО «ЮКМА»		

Разработал:

Должность	Фамилия И.О.	Дата	Подпись
Руководитель офиса регистратора	Сыздыкова С.А.	29.02.2024	

Проверил:

Должность	Фамилия И.О.	Дата	Подпись
Заведующий отделом обеспечения качества и мониторинга	Ержанов Н.А.	29.02.2024	
Комплаенс офицер	Пернебаев Н.А.	29.02.2024	
Руководитель управления административного и правового обеспечения	Кабиратаев О.А.	29.02.2024	

Согласовал:

Должность	Фамилия И.О.	Дата	Подпись
Проректор по учебно-методической и воспитательной работе	Анартаева М.У.	29.02.2024	